ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Жол көлігі
МЕХАНИКАЛЫҚ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ТІРКЕМЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАРЫҚҚАЙТАРҒЫШ БЕТТЕРІ БАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ НӨМІРЛІК БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ДАЙЫНДАМАЛАР
Техникалық шарттар

Транспорт дорожный
ЗНАКИ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ РЕГИСТРАЦИОННЫЕ НОМЕРНЫЕ СО СВЕТОВОЗВРАЩАЮЩЕЙ ПОВЕРХНОСТЬЮ ДЛЯ МЕХАНИЧЕСКИХ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ И ИХ ПРИЦЕПОВ И ЗАГОТОВКИ ДЛЯ ЗНАКОВ
Технические условия

ҚР СТ 986-2012

(ISO 7591-1982, NEQ)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Жол көлігі

МЕХАНИКАЛЫҚ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ТІРКЕМЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАРЫҚҚАЙТАРҒЫШ БЕТТЕРІ БАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ НӨМІРЛІК БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ДАЙЫНДАМАЛАР

Техникалық шарттар

ҚР СТ 986-2012

(ISO 7591-1982, NEQ)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «ЛАТОН» ФИРМАСЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 463-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартты Мәскеу қ., Стандарттар баспасы орыс тілінде басылып шығарылған «Roadvehicles; Retro-reflectiveregistrationplatesformotorvehiclesandtrailers; Specification» ISO 7591:1982 (Жол көлігі. Көлік құралдары мен олардың тіркемелеріне арналған шағылыстырғыш беті бар нөмірлік белгілер. Техникалық талаптар) халықаралық стандартының талаптарын ескере отырып әзірледі.
Сәйкестік дәрежесі–балама емес, NEQ

4 Осы стандартта 1968 жылғы 8 қарашадағы «Жол қозғалысы туралы» конвенцияның (Вена қ..) 36,37-бап., 1997 жылғы 25 қарашадағы №1650 «Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысының, 2012 жылғы 16 шілдедегі №400 «Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілердің үлгілерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бұйрығының ережелері жүзеге асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2017 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 ҚР СТ 986-2003 «Механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелеріне арналған жарыққайтарғыш беті бар мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері. Техникалық шарттар» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**.

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті ақпарат ай сайын басып шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы ... 1
2 Нормативтік сілтемелер ... 1
3 Терминдер мен анықтамалар ... 2
4 Нөмірлік белгілердің типтері, құрылымдары мен сериялары ... 2
5 Техникалық талаптар ... 8
6 Орауыш және таңбалау ... 13
7 Қауіпсіздік талаптары ... 14
8 Қабылдау ережелері ... 14
9 Бақылау әдістері ... 15
10 Нөмірлік белгілерді орнату және пайдалану жөніндегі нұсқаулар ... 20
11 Тасымалдау және сақтау ... 21
12 Өндіруші кепілдіктері ... 21
А қосымшасы(міндетті). Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің үлгілері ... 22
Б қосымшасы(міндетті). Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дипломаттық корпусымен жұмыс жөніндегі ұйым. Техникалық сипаттама ... 30
В қосымшасы (міндетті). Әріптік және сандық символдардың өлшемдері ... 33
Г қосымшасы (міндетті). Нөмірлік белгілердің дайындамаларындағы қорғаныс элементтерінің орналасу схемасы ... 37
Д қосымшасы (міндетті). 7-типті нөмірлік белгінің сырт жағы ... 38
Е қосымшасы (міндетті) ... 39
Библиография ... 41

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Жол көлігі

МЕХАНИКАЛЫҚ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ТІРКЕМЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАРЫҚҚАЙТАРҒЫШ БЕТТЕРІ БАР МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ НӨМІРЛІК БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ДАЙЫНДАМАЛАР

Техникалық шарттар

Енгізілген күні 2013-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт тіркелетін механикалық көлік құралдарының (бұдан әрі – көлік құралдарының) барлық түрлері мен олардың тіркемелеріне орнатылатын жарыққайтарғыш беттері бар мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілеріне (бұдан әрі – нөмірлік белгілер) және оларға арналған дайындамаларға қолданылады.

Стандарт нөмірлік белгілердің типтерін, құрылымын, көлемін, сапасын және қауіпсіздік жөніндегі талаптарды, қабылдау ережелері мен бақылау әдістерін, тасымалдау, сақтау және пайдалану ережелерін белгілейді.

ЕСКЕРТПЕ Тіркелетін көлік құралдарының тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталады.

Стандарт Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен Қазақстан Республикасының шекара әскерлері көлік құралдарының, сондай-ақ [4]-те көзделген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің жеке түрлерінің нөмірлік белгілеріне қолданылмайды.

Осы стандарт сәйкестікті растау мақсатында пайдаланылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

2007 жылғы 4 маусымдағы № 258-III ҚРЗ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы.

«Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы №277 Қаулысы.

«Сәйкестікті растау процедуралары» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы №90 Қаулысы.

ҚР СТ 988-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12.1.005-88 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс аймағының ауасына қойылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар.

ГОСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 15.309-98 Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Шығарылатын өнімді сынақтан өткізу және қабылдау. Негізгі ережелер.

ГОСТ 166-89 Штангенциркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 380-2005 Әдеттегі сапалы көміртекті құрыш. Маркалары.

ГОСТ 427-75 Металдан жасалған өлшеу сызғыштары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3489.2-71 Баспаханалық қаріптер. Журналдық шабылған гарнитура (орыс және латын негізді алфавиттерге арналған). Мақсаты. Суреті. Қаріп сызығы. Сыйымдылығы.

ГОСТ 3489.17-71 Баспаханалық қаріптер. "Балтика" гарнитурасы (орыс және латын негізді алфавиттерге арналған). Мақсаты. Суреті. Қаріп сызығы. Сыйымдылығы.

ГОСТ 7721-89 Түсті өлшеуге арналған жарық көздері. Түрлері. Техникалық талаптар. Таңбалау.

ГОСТ 9142-90 Бүрме картон жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 10354-82 Полиэтилен үлдірі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13726-97 Алюминий мен алюминий қоспаларынан жасалған ленталар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192 – 96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар. Әр түрлі климатты аудандар үшін орындаулар. Сыртқы ортаның климаттық факторларының әсер етуі бөлігінде пайдалану, сақтау және тасымалдау санаттары, шарттары.

ГОСТ 21444-75 Борланған қағаз.Техникалық шарттар.

ГОСТ 24297-87 Кіру бақылауы. Негізгі ережелер.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданылуын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың сілтемесі» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ерже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады.

3.1 Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі: Өкілетті органдар белгілеген тәртіппен тіркелген барлық көлік құралдары мен олардың тіркемелеріне орнатылып, көлік құралдарын есепке алу және олардың жүргізушілерінің жол үстіндегі әрекеттерін бақылау үшін қолданылатын нөмірлік белгі.

3.2 Жарық қайтару: Беттерге түсетін жарық ағыны өз көзіне жақын бағытта кері қайтарылатын шағылыс.

4 Нөмірлік белгілердің типтері, құрылымдары мен сериялары

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Көлік құралдарында [1]-ге сәйкес қарастырылған орындарда нөмірлік белгілер орналастырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің (облыстарының) (бұдан әрі – өңірлер) нөмірлік белгілері мен сандық кодтарына арналған әріптік серияларды, сандық тіркеу нөмірлерін жеке және заңды тұлғаларға, шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғалар атынан аккредиттелген дипломатиялық корпус өкілдеріне, шетелдік қатысуымен Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына, Қазақстан Республикасындағы шетел заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне бекітуді Қазақстан Республикасындағы жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша өкілеттендірілген Мемлекеттік орган сыртқы саяси қызмет саласында өкілетті органмен бірлесе жүзеге асырады.

4.1.2 Әрбір нөмірлік белгідегі жарыққайтарғыш жабынға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының суреті және оның астына Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынуы тиіс [3]:

- біржолақты нөмірлік белгілер үшін – сол жақ бөлігінде;
- екіжолақты нөмірлік белгілер үшін – сол жақ бөліктің жоғарғы қатарында.

4.2 Нөмірлік белгілердің түрлері және құрылымының сипаттамасы

Нөмірлік белгілердің мынадай типтері шығарылады:

а) 1-тип – заңды тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған біржолақты алдыңғы және артқы нөмірлік белгілер; жүк автомобильдері мен заңды тұлғалардың автобустарына арналған алдыңғы нөмірлік белгі.

Белгінің сол жағының жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының **«KZ»** айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ орналасады. Бұдан әрі нөмірлік белгінің сериясын білдіретін биіктігі 58 мм өлшемді екі әріптік символ орналасады. Оң жақ бұрышта - Қазақстан Республикасының сәйкес өңірінің (облысының) (бұдан әрі – өңір) сандық кодын білдіретін, өзара бөлу сызығымен бөлінген, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі сандық символ орналасады. (А қосымшасы, А.2.1-суретті қараңыз).

«KZ» «AV» «ADM» арнайы серияларының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері 1-типке сәйкес болуы тиіс (А қосымшасы, А.1-суретті қараңыз).

б) 1А типі – жеке тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған біржолақты алдыңғы және артқы нөмірлік белгілер; жүк автомобильдері мен жеке тұлғалардың автобустарына арналған алдыңғы нөмірлік белгі.

Бір әріптік символ қосылған 1-түрге сәйкес келеді. Үш әріптік символ жеке тұлғаларға қатыстылықты білдіреді. (А қосымшасы, А.2.2-суретті қараңыз).

в) 2-тип – жүк автомобильдері мен заңды тұлғалардың автобустарына, сондай-ақ бекіту орындары 1-типке жататын нөмірлік белгінің габариттеріне сәйкес келмейтін заңды тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған екіжолақты артқы нөмірлік белгі.

Нөмірлік белгінің сол жағының жоғарғы қатарында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының **«KZ»** айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ орналасады. Нөмірлік белгінің төменгі қатарында сол жақ бөлігінде сәйкес өңірдің сандық кодын білдіретін, тік және көлденең сызықтармен бөлінген (жиектеме ішінде), биіктігі бойынша өлшемі 70 мм екі сандық символ орналасады. Бұдан әрі - нөмірлік белгінің сериясын білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 58 мм екі әріптік символ орналасады. (А қосымшасы, А.2.3-сурет).

г) 2А-Түр – жүк автомобильдері мен автобустарға, сондай-ақ бекіту орындары 1А типіне жататын нөмірлік белгінің габариттеріне сәйкес келмейтін жеке тұлғалардың жеңіл автомобильдеріне арналған екіжолақты артқы нөмірлік белгі.

Бір әріптік символ қосылған 2-түрге сәйкес келеді, үш әріптік символ жеке тұлғаларға қатыстылықты білдіреді. (А қосымшасы, А.2.4-сурет).

д) 3-тип – мотокөлік құралдарына (мотоцикл, мотороллер) арналған екіжолақты нөмірлік белгі.

Нөмірлік белгінің сол жағының жоғарғы жолағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы бейнеленеді. Ту астында - Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі. Тудың оң жағында көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі сандық символ орналасады.

Төменгі жолақтың сол жақ бұрышында сәйкес өңірдің сандық кодын білдіретін, тік және көлденең сызықтармен бөлінген (жиектеме ішінде), биіктігі бойынша өлшемі 70 мм екі сандық символ орналасады. Өңір нөмірінің оң жағында көлік құралының нөмірлік белгінің сериясын білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 58 мм екі әріптік символ орналасады. (А қосымшасы, А.2.5-сурет).

е) 5-тип – жүк және жеңіл автомобильдердің тіркемелері мен жартылай тіркемелеріне арналған екіжолақты нөмірлік белгі.

Жоғарғы қатардың сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі орналасады. Тудың оң жағында көлік құралының нөмірлік белгісінің сериясын білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 58 мм үш әріптік символ орналасады. Белгінің төменгі қатарының сол жақ бұрышында сәйкес өңірдің нөмірін білдіретін, тік және көлденең сызықтармен бөлінген (жиектеме ішінде), биіктігі бойынша өлшемі 70 мм екі сандық символ орналасады. Бұдан әрі - көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі сандық символ орналасады. (А қосымшасы, А.2.6-сурет)

ж) 7-тип – жол қозғалысына уақытша қатыстырылған көлік құралдарына арналған үшжолақты нөмірлік белгі.

Нөмірлік белгінің бірінші (жоғарғы) қатарында биіктігі бойынша өлшемі 30 мм **«TRANZIT»** әріптік символдары орналасады. Екінші қатарда – көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм төрт сандық символ орналасады. Үшінші (төменгі) қатарда - нөмірлік белгінің сериясын білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі әріптік символ, бұдан әрі эллипс түріндегі жиектемеге алынған Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі орналасады (А қосымшасы, А.2.7-суретті қараңыз).

и) 1С типі – жеңіл автомобильдерге арналған біржолақты алдыңғы және артқы нөмірлік белгілер және ішкі істер органдарының арнайы және жедел қызметтерінің жүк автомобильдеріне арналған алдыңғы нөмірлік белгілер.

Белгінің сол жағының жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ орналасады. Бұдан әрі нөмірлік белгінің сериясын білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 58 мм екі әріптік символ орналасады. Оң жақ бұрышта сәйкес өңірдің сандық кодын білдіретін, өзара бөлу сызығымен бөлінген, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм сандық символ орналасады. (А қосымшасы, А.2.8-суретті қараңыз).

к) 2С типі – бекіту орны 1С типті нөмірлік белгінің габариттеріне сәйкес келмейтін ішкі істер органдарының арнайы және жедел қызметтерінің жеңіл және жүк автомобильдеріне арналған екіжолақты артқы нөмірлік белгі:

Белгінің сол жағының жоғарғы қатарында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ орналасады. Нөмірлік белгінің төменгі қатарының сол жақ бөлігінде сәйкес өңірдің сандық кодын білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 70 мм жиектеме ішінде екі

сандық символ орналасады. Бұдан әрі – белгінің сериясын білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі әріптік символ орналасады. (А қосымшасы, А.2.9-суретті қараңыз).

л) 3С типі – ішкі істер органдарының арнайы және жедел қызметтерінің мотокөлік құралдарына арналған екіжолақты нөмірлік белгі.

Нөмірлік белгінің жоғарғы қатарының сол жақ бұрышында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Тудың оң жағында көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі сандық символ орналасады. Төменгі қатардың сол жақ бұрышында сәйкес өңірдің сандық кодын білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 70 мм екі сандық символ орналасады. Өңір нөмірінің оң жағында көлік құралының нөмірлік белгісінің сериясын білдіретін биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі әріптік символ орналасады. (А қосымшасы, А.2.10-суретті қараңыз).

м) 1К типі – Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің көлік құралдарына арналған біржолақты нөмірлік белгі.

Нөмірлік белгінің сол жағының жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм екі сандық символ және нөмірлік белгінің сериясын білдіретін «SK» екі әріптік символ орналасады (А қосымшасы, А.2.11-суретті қараңыз).

н) 1Г типі – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне арналған «D», «Т» немесе «PROTOCOL»[1)] сериялары көрсетілген автомобильдерге арналған біржолақты алдыңғы және артқы нөмірлік белгілер:

- **«D»** және «**Т**» сериялары – белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының **«KZ»** айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі «D» немесе «Т» сериялары және Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетел өкілдікке қатыстылық кодын білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 58 мм үш сандық символ көрсетіледі. Бұдан әрі - тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ. Бұдан кейін биіктігі бойынша көлемі 70 мм, Б қосымшасына сәйкес стикер орналасады (А қосымшасы, А.3.1-А.3.4-суреттерді қараңыз).

- «**PROTOCOL**» сериясы - белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі - «PROTOCOL» аббревиатурасы (А қосымшасы, А.3.5-суретті қараңыз).

п) 2Г типі – бекіту орны 1Г типті нөмірлік белгінің габариттеріне сәйкес келмейтін «D», «Т» сериялы автомобильдерге арналған екіжолақты артқы нөмірлік белгі:

«D» және «Т» сериялы белгілер – белгінің жоғарғы қатарының сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының

[1)] «D» сериясы – шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің, оларға теңестірілген халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде аккредиттелген өкілдіктерінің дипломатиялық және консулдық құрамының қызметтік және жеке автокөліктеріне берілетін көлік құралының (автокөліктің) нөмірлік белгісінің сериясы

«Т» сериясы - шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің, оларға теңестірілген халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде аккредиттелген өкілдіктерінің әкімшілік-техникалық қызметкерлер құрамының қызметтік және жеке автокөліктеріне берілетін нөмірлік белгінің сериясы

«PROTOCOL» сериясы - шетел мемлекеттерінің делегацияларын алып жүру бойынша халықаралық шараларда қолданылатын автокөліктерге берілетін нөмірлік белгінің сериясы.

«KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі «D» немесе «Т» сериялары және Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетел өкілдікке қатыстылық кодын білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 58 мм үш әріптік символ көрсетіледі. Төменгі қатарда көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ орналасады. (А қосымшасы, А.3.2 және А.3.4-суреттерді қараңыз).

р) 1Д типі – **«НС», «М», «Н» және « F»**[1)] сериялы автомобильдерге арналған біржолақты алдыңғы және артқы нөмірлік белгілер:

- **«НС»** сериясы - нөмірлік белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі «НС» сериясы, тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм төрт сандық символ және бұдан кейін биіктігі бойынша өлшемі 70 мм, Б қосымшасына сәйкес стикер орналасады (А қосымшасы, А.3.6-суретті қараңыз).

- **«М»** сериясы - нөмірлік белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі «М» сериясы және елдің индексін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 58 мм үш сандық символ орналасады, бұдан кейінгі биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ көлік құралының тіркеу нөмірін білдіреді. (А қосымшасы, А.3.8-суретті қараңыз).

- **«Н»** сериясы – нөмірлік белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі биіктігі бойынша өлшемі 58 мм «Н» сериясының белгісі және тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм төрт сандық символ орналасады. Белгінің оң жағындағы бөлу сызығынан кейін өңірді білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм сандық символдар орналасады. (А Қосымшасы, А.3.10-суретті қараңыз).

«F» сериясы – нөмірлік белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі биіктігі бойынша өлшемі 58 мм «F» сериясының белгісі және тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм төрт сандық символ орналасады. Белгінің оң жағындағы бөлу сызығынан кейін өңірді білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм сандық символдар орналасады. (А қосымшасы, А.3.12-суретті қараңыз).

с) 2Д типі – бекіту орны 1Д типті нөмірлік белгінің габариттеріне сәйкес келмейтін **«НС», «М», «Н»** және **« F»** сериялы автомобильдерге арналған екіжолақты артқы нөмірлік белгі.

«НС» сериясы - нөмірлік белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі биіктігі бойынша өлшемі 76 мм «НС» сериясы

[1)] «НС» сериясы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде аккредиттелген шетел мемлекеттерінің Құрметті консулдарының қызметтік және жеке автокөліктеріне берілетін нөмірлік белгінің сериясы.

«Н» сериясы - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың автокөліктеріне берілетін нөмірлік белгінің сериясы.

«М» сериясы - Қазақстан Республикасындағы шетел заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерінің автокөліктеріне берілетін нөмірлік белгінің сериясы.

«F» сериясы – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың автокөліктеріне берілетін нөмірлік белгінің сериясы.

орналасады. Белгінің сол жағындағы төменгі қатарда Б қосымшасына сәйкес стикер орналасады. Бұдан әрі – көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм төрт сандық символ беріледі. (А қосымшасы, А.3.7-суретті қараңыз).

«М» сериясы - нөмірлік белгінің жоғарғы бөлігінің сол жағында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі «М» сериясы және елдің индексін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 58 мм үш сандық символ орналасады. Төменгі жолақта - көлік құралының тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм үш сандық символ. (А қосымшасы, А.3.9-суретті қараңыз).

«Н» сериясы - нөмірлік белгінің сол жағының жоғарғы қатарында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі биіктігі бойынша өлшемі 58 мм «М» сериясының белгісі және тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм алғашқы екі сандық символ орналасады. Нөмірлік белгінің сол жағының екінші қатарында бөлініп қойылған жиектеме ішінде өңірді білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 70 мм сандық символдар беріледі, бұдан кейінгі екі сандық символ көлік құралының тіркеу нөмірін білдіреді. (А қосымшасы, А.3.11-суретті қараңыз).

«F» сериясы - нөмірлік белгінің сол жағының жоғарғы қатарында Қазақстан Республикасының желбіреген туы бейнеленеді. Ту астында Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салынады. Бұдан әрі биіктігі бойынша өлшемі 58 мм «F» сериясының белгісі және тіркеу нөмірін білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 76 мм алғашқы екі сандық символ орналасады. Белгінің сол жағының екінші қатарында бөлініп қойылған жиектеме ішінде өңірді білдіретін, биіктігі бойынша өлшемі 70 мм сандық символдар беріледі, бұдан кейінгі екі сандық символ көлік құралының тіркеу нөмірін білдіреді. (А қосымшасы, А.3.13-суретті қараңыз).

4.3 Нөмірлік белгілердің сериялары

1, 1А, 2, 2А, 3, 5, 1С, 2С, 3С, 7 типті нөмірлік белгілердің серияларын Қазақстан Республикасының жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі өкілетті мемлекеттік орган тағайындайды.

«KZ», «AV», «ADM» арнайы нөмірлік белгілердің сериялары (А қосымшасы, А.1-суретті қараңыз).

1С, 2С, 3С типті нөмірлік белгілер «КР»[1)] сериясымен шығарылады (А қосымшасы, А.2.8-А.2.10-суреттерді қараңыз).

1Г, 2Г типті нөмірлік белгілер «D», «Т» және «PROTOCOL» серияларымен шығарылады (А қосымшасы, А.3.1-А.3.5-суреттерді қараңыз).

1Д, 2Д типті нөмірлік белгілер «НС», «Н», «М», «F» серияларымен шығарылады.

5 Техникалық талаптар

5.1 Нөмірлік белгілер мен дайындамалар осы стандарттың, техникалық (конструкторлық және технологиялық) құжаттаманың талаптарына, белгіленген тәртіппен бекітілген, тапсырыс берушімен және Қазақстан Республикасының жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша өкілетті мемлекеттік органмен келісілген эталон-үлгілерге сәйкес болуы тиіс [2].

[1)] «КР» сериялы нөмірлік белгілер ішкі істер органдарының арнайы көлік құралдарына беріледі.

Нөмірлік белгілер мен дайындамалар ГОСТ 15150 бойынша УХЛ 1 климаттық орындауға сәйкес болуы тиіс.

5.2 Материалдар мен сатып алынатын бұйымдарға қойылатын талаптар

5.2.1 Қолданылатын материалдар мен сатып алынатын бұйымдар нақтыланған бұйымдар түріне бекітілген нысандар сәйкестігін растайтын құжаттарымен, бұйымдарға қойылатын техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.2.2 7-Түрден басқа барлық түрлерге жататын нөмірлік белгілерді шығару үшін, төмендегілер қолданылады:

- АМц, АО, А5, А7 маркалы алюминий қоспаларынан жасалған және ГОСТ 13726 бойынша тоттануға төзімді ұқсас құрамды, қалыңдығы кем дегенде 0,8 мм ленталар.
- ақ, сары және қызыл түсті жарыққайтарғыш үлдір;
- дайындамалар (жарыққайтарғыш үлдір салынған алюминий қоспасы лентасынан жасалған қалыптар);

ЕСКЕРТПЕ Нөмірлік белгілер мен оларға арналған дайындамалар әр түрлі өндірушімен жасалған жағдайда, дайындамалар дербес жеткізілімнің мәні болуы мүмкін.

- ыстық айналдырудан өткен полиэстер үлдірі (фольга) – символдарға жабын салу (сандар мен әріптер) және нөмірлік белгіні көмкермелеуге арналған материал ретінде.

Жарыққайтарғыш және полиэстер үлдірлеріне қойылатын талаптар нөмірлік белгілердің 5.3.8-5.5 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.3 7-типке жататын нөмірлік белгілерді шығару үшін, «Құжаттарға арналған қағаз» ГОСТ Р ИСО 9706-2000 бойынша немесе сапаға әсер етпейтін соған ұқсас офсетті қағаз қолданылады.

5.2.4 Нөмірлік белгілерді (дайындамаларды) жасау барысында нөмірлік белгілердің қажетті сапасын, қауіпсіздігін, жарыққайтарғыш қабілетін және белгіленген кепілді қызмет мерзімін қамтамасыз ететін басқа да материалдарды қолдануға рұқсат етіледі.

5.3 Нөмірлік белгілер мен дайындамаларға қойылатын талаптар

5.3.1 1, 1А, 2, 2А, 1Г, 2Г, 1Д, 2Д, 3, 1С, 2С, 3С, 5, 7-типтерге жататын нөмірлік белгілер тікбұрыш пішінде болуы тиіс.

Нөмірлік белгілерді рәсімдеу үлгілері А қосымшасында, символ көлемдері Б, В және Г қосымшаларында берілген.

5.3.2 Нөмірлік белгілер мен дайындамалар тікбұрышты пішінмен, ұштары дөңгелектенген, қалып ені 6,5 мм және қалыптау тереңдігі кем дегенде 1 мм көмкермемен пішімделген түрде шығарылады.

5.3.3 Нөмірлік белгілер мен дайындамалардың негізгі өлшемдері 1-кестеде көрсетілген өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.

1-кесте

Нөмірлік белгінің түрі	Габариттік өлшемдер, мм
1, 1А, 1Г, 1Д, 1С, 1К	520 × 112 × 2,8 *
2, 2А, 2Г, 2Д, 2С	280 × 202 × 2,8 *
3, 3С	240 × 202 × 2,8 *
5	280 × 202 × 2,8 *
7	240 × 260

ЕСКЕРТПЕ Келтірілген өлшемдерден рұқсат етілген ауытқулар нөмірлік белгінің нақты түріне берілетін конструкторлық құжаттамамен анықталады.

* Анықтамалық көлем қолданылатын материалдардың қалыңдығымен анықталады.

5.3.4 1,1А, 2, 2А, 3, 5, 7-типті нөмірлік белгілердің аясы (шеті) ақ түсті, ал «KZ» айырмалық белгісі, символдар (сандар, әріптер), көмкерме – қара түсті болуы керек.

«D», «Т» және **« PROTOCOL»** серияларының 1Г және 2Г типті нөмірлік белгілерінің аясы (шеті) – қызыл түсті, «KZ» айырмалық белгісі, символдар (сандар, әріптер) мен көмкерме – ақ түсті болуы керек.

«НС», «М», «Н» және **«F»** серияларының 1Д және 2Д типті нөмірлік белгілерінің аясы (шеті) – сары түсті, **«KZ»** айырмалық белгісі, символдар (сандар, әріптер) мен көмкерме – қара түсті болуы керек.

Ішкі істер органдарының арнайы және жедел қызметтерінің автомобильдеріне арналған 1С, 2С және 3С типті нөмірлік белгілерінің аясы (шеті) ақ түсті, ал **«KZ»** айырмалық белгісі, символдар (сандар, әріптер) мен көмкерме – көк түсті болуы керек.

7-типті нөмірлік белгінің (бланктың) алдыңғы жағының аясы – ақ түсті, өлшемі 230 мм × 250 мм мәнерлі жиектемемен қара офсеттік бояумен боялған болуы тиіс. Бланктың артқы жағы түрлі-түсті көркем төсенім үстінен тангирлі тормен көмкерілген жеңіл автомобиль түрінде орындалады. Тангирлі тор суреті жасанды көшірмеден алғашқы қорғаныс ретінде қолданылатын «ұлттық нақыштағы суреттердің элементтерін» қамтиды. Бланк мәтіні Д қосымшасының үлгісі бойынша «Жүргізуші жаднамасын» қамтиды және мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалады.

5.3.5 Нөмірлік белгілердің дайындамаларына символдар (сандар, әріптер) мен көмкерме салу технологиясы нөмірлік белгінің бұзылуына немесе қолданылатын материалдардың құрылымының өзгеруіне алып келетін пайдаланылуы барысында олардың өзгеру мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

5.3.6. Нөмірлік белгілердің алдыңғы жағындағы символдар (сандар, әріптер) ГОСТ 3489.2 бойынша қаріппен, 7-тип үшін сырт жағында – ГОСТ 3489.17 бойынша қаріппен орындалуы тиіс.

7-типтен басқа барлық түрлерге жататын нөмірлік белгілердің символдары (сандары, әріптері) белгі алаңына қатысты рельеф биіктігі кем дегенде 1 мм дөңес болуы тиіс.

7-типті нөмірлік белгілердегі символдар (сандар, әріптер) баспаханалық офсеттік тәсілмен орындалады.

Нөмірлік белгілерге салынатын мемлекеттік рәміздерге (ҚР Мемлекеттік туына, «KZ» айырмалық белгісіне) қойылатын талаптар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, ҚР СТ 988-2007 стандартына және нөмірлік белгілерге бекітілген эталон-үлгілерге сәйкес болуы тиіс.

«Қазақстан Республикасының желбіреген Мемлекеттік ту символы 5.3.9-тармақта көзделген тәсілмен орындалуы тиіс.

Мемлекеттік тудың суретін тікелей трафареттік баспа әдісімен «**KZ**», «**AV**», «**ADM**» арнайы серияларының Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінде (А1-суретті қараңыз), 1Г, 2Г типіне жататын дипломаттық корпус көлік құралдарына арналған нөмірлік белгілерде (А.3.1-А.3.4.-суреттерді қараңыз) салуға рұқсат етіледі.

Нөмірлік белгілердің барлық типтерінде Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісі салқын штампылау әдісімен кейіннен ыстық илемделген тиісті түсті жұқалтырды жапсыру арқылы орындалады.

5.3.7 7-типтен басқа нөмірлік белгілердің барлық типтерінің символдар (сандар, әріптер) мен қаттылық қырларына 5.3.4. тармағында қарастырылған ыстық илемделген тиісті түсті полиэстер үлдірі (жұқалтыр) жапсырылады. Бұл ретте үлдірдің (жұқалтырдың) сан, әріп және қаттылық қырларының бедерлі тұстарының үстіне шығуы 1 мм-ден аспауы тиіс.

5.3.8 7-типтен басқа ақ, қызыл және сары түсті аясы бар нөмірлік белгілер мен оларға арналған дайындамаларда өлшемі 10 мм × 7 мм-ден аспайтын эллипс ішіне алынған **«KZ»** - Қазақстан Республикасының коды түрінде, жасанды көшірмелерден қорғаныстың арнайы элементі болуы тиіс.

«KZ» қорғанысының арнайы элементтері нөмірлік белгі дайындамасының бүкіл алаңы бойынша көбейтіліп, жылжытылған көлденең қатарлармен орналастырылады. Кез келген қатардың қорғаныс элементтері арасындағы ең үлкен аралық:

- көлденеңінен - (50 ± 5) мм;
- тігінен - (50 ± 5) мм.

1-типке жататын дайындамалар үшін, «KZ» қорғаныс элементтері қатарларының саны кем дегенде екеу болуы тиіс, оның бірінші қатары негатив бейне, ал екіншісі позитив, және 2, 3, 5-типтер үшін – кем дегенде төртеу, онда негатив және позитив қатарлар кезектесіп тұрады (Д қосымшасын қараңыз).

ЕСКЕРТПЕ Позитив бейне ретінде ашық түсті аяда «KZ» қара символдарының бейнеленуі, ал негатив – қара аяда ашық түсті «KZ» символдарының бейнеленуі саналады.

Нөмірлік белгілер мен оларға арналған дайындамалар «KZ» қорғаныс элементімен қатар, жасанды көшірмеден арнайы қорғаныс элементін – фазалардың ығысуы 90°-пен бір-біріне қабатталатын екі көлденеңінен ығыстырылған синусоидалдық толқындар түріндегі үш өлшемді кума толқынды (үш өлшемді қорғаныс элементі) қамтуы тиіс. Толқын амплитудасы (10 ± 1) мм, толқын ұзындығы (34 ± 2) мм. Мұндағы озық фазалы толқын жарыққайтарғыш үлдір жабыны бетінің деңгейінен төмен орналасқандай, ал артта қалған фазалы толқын жарыққайтарғыш үлдір жабыны бетінің деңгейінен жоғары орналасқандай болып көрінеді. «Кума толқын» қорғаныс элементі Қазақстан Республикасы туының төменгі жиегі мен дайындаманың төменгі көмкермесінің жоғарғы жиегі арасындағы аралықта орналасады. Көрсетілген аралықта «KZ» қорғаныс элементі мен үш өлшемді кума толқынды бір-біріне қабаттастыруға рұқсат етіледі. Арнайы қорғаныс элементтерін орналастыру сызбасы Г қосымшасына сәйкес болуы тиіс.

5.3.9 Жасанды көшірмеден арнайы қорғаныс элементтері («KZ» коды, үш өлшемді кума толқын) нөмірлік белгі дайындамаларының сапа көрсеткіштеріне, соның ішінде фото- және түсті метрлік сипаттамаларына әсер етпеуі тиіс.

Жасанды көшірмеден арнайы қорғаныс элементтері:

- жарыққайтарғыш үлдір жабынның бетіне біріктірілуі (ішіне кіріктірілуі) тиіс;
- нөмірлік белгі мен дайындама беттерінен фото- және түсті метрлік сипаттамалардың бұзылуы мен жарыққайтарғыш үлдір жабынының жоғарғы қабаттары бұзылуының көзге көрінетіндей белгілері болмаған кезде, нөмірлік белгі мен қорғаныс элементтерінің беттерінен химиялық құралдармен немесе физикалық әсер етумен жойылмауы тиіс.

- нөмірлік белгінің бүкіл пайдалану мерзімі бойына сақталуы тиіс.

5.4 Нөмірлік белгілердің фотометрлік қасиеттеріне қойылатын талаптар

5.4.1 Нөмірлік белгі алаңының жабынының жарық қайтару коэффициенті (жарықтықтың жарықтандырылуға қатынасы) ГОСТ 7721 бойынша А стандартты жарық көзімен немесе мақсаты мен метрологиялық сипаттамалары бойынша басқа бір ұқсас құралмен жарықтандыру барысында, 2-кестеде көрсетілген мәндерден кем болмауы тиіс. Бұл жағдайда жарықтандыру бұрышы мен бақылау бұрышы бір жазықтықта орналасуы тиіс. Үлгіні бұрау бұрышы 0°80′-тан аспауы тиіс.

2-кесте

Жабын түсі	Бақылау бұрышы*)	Жарық қайтару коэффициентінің ең төмен мәні, кд (лк·м^2), жарықтандыру бұрыштары барысында**)			Жарық-тық, лк
		5°	30°	40°	Мах
Ақ	0 °12 ′	45	18	8	250
	0 ° 20 ′	30	12	6	
	1 ° 30 ′	3,5	2	0,7	
Сары	0 °12 ′	30	12	5	250
	0 ° 20 ′	20	8	4	
	1 ° 30′	2,3	0,8	0,4	
Қызыл	0 °12 ′	9	6	2	250
	0 ° 20 ′	7	3	1,8	
	1 ° 30 ′	0,6	0,3	0,4	

* Бақылау бұрышы – жарық түсу бағыты мен бақылау бағыты арасындағы бұрыш.

** Жарықтандыру бұрышы – жарық түсу бағыты мен жарыққайтарғыш бетке перпендикуляр арасындағы бұрыш.

5.4.2 Нөмірлік белгіге судың аса мол әсер етуі барысында, жарық қайтару коэффициенті 2-кестеде көрсетілген мәндердің 90 %-нан кем болмауы тиіс.

5.4.3 Жарықтықтың жергілікті ауытқулары барысында фотометрлік өлшеулер бақылау бұрышы 0°20′ және жарықтандыру бұрышы 5° барысында өткізіледі. Жарық қайтару коэффициенті жарықтық ауытқуы бақыланған аймақта көлемі 50 мм × 50 мм бірнеше көршілес алаңдарда өлшенеді. Бұл жағдайда жарық қайтару коэффициентінің ең үлкен мәндерінің ең кіші мәндеріне қатынасы 2-ден аспауы керек.

5.5 Нөмірлік белгілердің түсті метрлік қасиеттеріне қойылатын талаптар

5.5.1 Нөмірлік белгілерге күндізгі уақытта қойылатын талаптар

Нөмірлік белгінің жарыққайтарғыш жабынының түсі 3-кестеде көрсетілген түс координаттарымен шектелген аймақ шегінде болуы тиіс немесе ҚР СТ 1125-ке сәйкес белгіленген жарықтық коэффициентіне сәйкес болуы керек.

3-кесте

Үлдір түсі	Рұқсат етілген түс аймақтарының бұрыштық нүктелерінің түс координаттары				Түс аймақтарының бұрыштық нүктелерінің нөмірлері
	Түс аймақтарының бұрыштық нүктелерінің нөмірлері				
	1	2	3	4	
Ақ x y	0,355 0,355	0,305 0,305	0,285 0,325	0,335 0,375	≥0,35
Сары x y	0,465 0,534	0,427 0,483	0,487 0,423	0,545 0,454	≥0,27
Қызыл x y	0,690 0,310	0,595 0,315	0,569 0,341	0,655 0,345	≥0,05

5.5.2 Нөмірлік белгілерге түнгі уақытта қойылатын талаптар

Үлгіні ГОСТ 7721 бойынша А стандартты жарық көзімен немесе мақсаты мен метрологиялық сипаттамалары бойынша басқа бір ұқсас құралмен 5° бұрышпен және 0°20′ бақылау астында жарықтандыру барысында, жарыққайтарғыш беттің (нөмірлік белгінің) түсі 4-кестеде көрсетілген түс координаттарымен шектелген аймақ шегінде болуы тиіс.

4 –кесте

Үлдір түсі	Түс аймақтарының бұрыштық нүктелерінің нөмірлері			
	1	2	3	4
Ақ x y	0,450 0,513	0,548 0,404	0,417 0,359	0,372 0,405
Сары x У	0,585 0,385	0,610 0,390	0, 520 0,480	0,505 0,465

5.5.3 Нөмірлік белгілердің сандық пен әріптік символдарына және жиегіне қойылатын талаптар

5-кесте

Үлдір түсі	Түс аймақтарының координаттары			
	1	2	3	4
Ақ x y	0,345 0,350	0,310 0,305	0,285 0,320	0,335 0,370
Көк x y	0,153 0,146	0,155 0,115	0,197 0,150	0,200 0,111

5 кесте (*жалғасы*)

Үлдір түсі	Түс аймақтарының координаттары			
	1	2	3	4
Қара				
х	0,380	0,300	0,260	0,345
у	0,345	0,270	0,310	0,395

5.6 Нөмірлік белгілердің беті төмендегілерге төзімді болуы тиіс:

5.6.1 Жоғары және төмен температуралардың әсеріне

Жоғары және төмен температуралардың әсерінен кейін, климаттық орындалуға сәйкес, жарыққайтарғыш жабын, сандар мен әріптерде сызат, томпаю немесе түстің өзгеруі болмауы тиіс.

5.6.2 Соққы әсеріне

Соққы әсерінен кейін, жарыққайтарғыш жабында соққы аймағынан 5 мм-ден артық арақашықтықта сызат, қабатталу болмауы тиіс.

5.6.3 Майысу әсеріне

Бүгілуге сынақ өткізілгеннен кейін, жарыққайтарғыш жабында сызат байқалмауы тиіс.

5.6.4 Судың әсеріне

Су әсерінен кейін, жабында бұзылу іздері байқалмауы тиіс.

5.6.5 Отын әсеріне

Отын әсерінен кейін, бұзылу іздері қалмауы тиіс.

5.6.6 Тұзды тұман әсеріне

Тұзды тұман әсерінен кейін, жабында оның тиімді жұмысына әсер ететін бұзылулар мен тоттану іздері болмауы тиіс.

5.6.7 Тазалау әсеріне

Тазалау барысында бұзылу іздері байқалмауы тиіс.

5.7 Жарыққайтарғыш жабынның жабысуы (адгезия) нөмірлік белгі үлгісін минус 20 °С температура барысында кондиционерлеуден кейін, жарыққайтарғыш жабынның қабатталуы байқалмайтындай болуы тиіс.

5.8 Нөмірлік белгілердің символдары (сандары, әріптері) мен қаттылық қырларына жабыстырылатын үлдірдің (фольганың) жарыққайтарғыш жабынға жабысуы (адгезия) төрт балдық бағалау барысында 2 балдан және үш балдық бағалау барысында - 1 балдан төмен болмауы тиіс.

6 Орауыш және таңбалау

6.1 Әрбір тіркеу белгісінің артқы жағында өндіруші-кәсіпорынның тауарлық белгісі салынуы тиіс. Тауарлық белгі белгіленген кепілді пайдалану мерзімі барысында өшірілмейтін әрі айқын ажыратылатын болуы тиіс. Тауарлық белгіні соққылау әдісімен салған кездегі оның бейнесі белгінің сыртқы жағынан көрінбеуі тиіс.

Сатып алынатын бұйымдарда (дайындамаларда) тіркеу белгілері жасалған жағдайда, белгінің артқы жағында да дайындаманы өндіруші-кәсіпорынның тауарлық белгісі салынуы тиіс.

6.2 Алдыңғы жағын зақымданудан қорғау үшін, дайын нөмірлік белгілер мен дайындамалар (дербес жеткізілім барысында) пакеттерге немесе ГОСТ 10354 бойынша полиэтилен үлдірінен жасалған хатқалталарға 25 дайын белгілер жинағынан немесе 50 дайындамадан қапталады

6.3 Қапталған бұйымдар ГОСТ 9142 бойынша картон қораптарға 4 пакеттен (хатқалтадан) салынады.

«Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес, қорапқа мемлекеттік және орыс тілдерінде таңбалау жасалады, онда төмендегілер көрсетіледі:

- өндіруші-кәсіпорынның атауы мен орналасқан жері, оның тауарлық белгісі (болған жағдайда);
- өнімнің атауы;
- нөмірлік белгілердің (дайындамалардың) түрі.

Қорап ішіне мына ақпарат қамтылған қаптау парағы салынады:

- өндіруші-кәсіпорынның атауы мен орналасқан жері, оның тауарлық белгісі;
- өнімнің атауы;
- нөмірлік белгілердің (дайындамалардың) түрі.
- сериясының көрсетілуі (нөмірлік белгілер үшін);
- осы қорапқа қапталған сериялардың бірінші және соңғы белгілерінің нөмірі (нөмірлік белгілер үшін);
- буып-түйілген күні;
- нөмірлік белгілердің (дайындамалардың) саны;
- қаптаушының қолымен немесе оның тегі көрсетілген арнайы мөртабанның көмегімен немесе қаптаушыны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін кез келген басқа тәсілмен жазылатын қаптаушы туралы деректер;
- осы стандарттың көрсетілуі.

Таңбалауда «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентіне қайшы келмейтін қосымша деректер рұқсат етіледі.

6.4 Тұтынушыға жөнелтілетін нөмірлік белгілердің әрбір топтамасы 10-тарауға сәйкес пайдалану бойынша нұсқаулықпен бірге жөнелтіледі.

6.5 Көлік қораптарын ГОСТ 14192 бойынша таңбалау.

6.6 Өнім (қаптау парақтары) мен көлік қораптарын таңбалау, пайдалану бойынша нұсқаулық мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы тиіс.

7. Қауіпсіздік талаптары

7.1 Өндіріс барысында қолданылатын жарыққайтарғыш үлдірлер, ыстық айналдырылатын үлдірлер (жұқалтыр), дайын нөмірлік белгілер адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеуі тиіс.

7.2 Нөмірлік белгілерді өндіру барысында жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрациялары (ШРК) ГОСТ 12.1.005 белгілеген нормативтерден аспауы тиіс.

7.3 Жабдықтың қауіпсіздік талаптары ГОСТ 12.2.003 бойынша.

7.4 Нөмірлік белгілерге ыстық айналдырылатын үлдір жапсыруға арналған жұмыс жайлары сору желдеткішімен жабдықталуы тиіс.

8 Қабылдау ережелері

8.1 Нөмірлік белгілер (дайындамалар) топтамамен қабылдау барысында ұсынылады. Топтама ретінде бір қабылдау-тапсыру құжатымен рәсімделген нөмірлік белгілердің кез келген мөлшері саналады.

Қабылдау барысында нөмірлік белгілер (дайындамалар) ГОСТ 15.309-ға сәйкес қабылдау-тапсыру және мерзімді сынақтардан өткізіледі

8.2 Қабылдау-тапсыру сынақтарын өткізу үшін, топтамадан бір технологиялық жабдықта бірдей материалдарды қолдана отырып жасалған нөмірлік белгілердің (дайындамалардың) кем дегенде 3 % іріктеледі.

Үлгілер 4.3, 5.3.1 - 5.3.9 және 7-тараудың талаптарына сәйкестікке тексеріледі. 5.3.8 талаптарына сәйкестік бақылауы сандар, әріптер салынбаған бір үлгіге өткізіледі.

8.3 5.4 – 5.8 талаптарына мерзімді сынақтар кем дегенде үш жылда бір рет өткізіледі. Сынақтар 9 үлгіге жасалады.

Төмендегі тармақтардың талаптарына сынақ өткізу үшін:

- 5.4 және 5.5 – сандар, әріптер салынбаған бір үлгі қолданылады;
- 5.6.1 және 5.7; 5.6.5 және 5.6.7 – ортасында әрпі мен екі саны бар үлгінің жартысына тең, қапталында кем дегенде 10 см-ден бос кеңістігі бар бір-бір фрагменттен қолданылады;
- 5.6.2-5.6.4, 5.6.6; 5.8 – ортасында әрпі мен екі саны бар үлгінің жартысына тең, қапталында кем дегенде 10 см-ден бос кеңістігі бар бір-бір фрагменттен қолданылады; 5.6.3 талаптарына сәйкестікке бақылау үшін, үлгіде жоғарғы және төменгі бортталған жиектері қиылған болуы тиіс.

8.4 Дайындамалардың сапасы 5.3.2; 5.3.3; 5.3.5; 5.3.8 талаптарына сәйкестікке бақыланады.

8.5 Егер сынақ барысында нөмірлік белгілердің немесе үлгілердің осы стандарт талаптарының кем дегенде біреуіне сәйкессіздігі анықталса, онда сынақ нәтижелері қанағаттанарлықсыз болып саналып, дәл сол топтамадан іріктелген үлгілердің екі еселенген мөлшері қайта сыналады.

Қайта сынау нәтижелері ақтық болып саналады және бүкіл топтамаға таралады.

8.6 Жұмыс орнындағы санитарлық-гигиеналық көрсеткіштерге бақылау (7-тарау бойынша) Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен белгіленген тәртіпте өткізіледі.

8.7 Сәйкестікті растау мақсатындағы сынақтар Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің нормативтік құжаттарына, соның ішінде «Сәйкестікті растау шаралары» техникалық регламентіне сәйкес өткізіледі.

9 Бақылау әдістері

9.1 Қолданылатын материалдардың сапасын тексеру ГОСТ 24297 бойынша кіру бақылауында, оларға қатысты қолданылатын нормативтік құжаттарға, сапа туралы ілеспе құжаттарға және (немесе) өндірушімен, қажет жағдайда бақылау сынақтарымен мойындалған сертификаттарға (болған жағдайда) сәйкес жүзеге асырылады.

9.2 Нөмірлік белгілердің құрылымы, пішіні, сыртқы түрі мен таңбалау деректерінің 4.1.2, 4.2, 4.3, 5.3.1, 5.3.2, 5.3.4, 5.3.5, 5.3.7, 5.3.8, 5.3.9 және 6-тарау талаптарына сәйкестік визуалдық бақылаумен анықталады.

Белгіленген көлемдерге, соның ішінде нөмірлік белгілердің, дайындамалардың, сандардың, әріптер мен қорғаныс элементтерінің көлемдеріне сәйкестік, көмкерме ені мен қалыптау терендігі (5.3.2, 5.3.3, 5.3.6, 5.3.8) ГОСТ 427 бойынша метал сызғыш пен ГОСТ 166 бойынша штангенциркульді қолданып, конструкторлық құжаттамамен белгіленген дәлдікпен анықталады.

Мемлекеттік рәміздердің (Тудың, Қазақстан Республикасының «KZ» айырмалық белгісінің) белгіленген тәртіптерге сәйкестігін бақылау белгіленген нормалар мен параметрлердің және олардан ауытқулардың анықталуын қамтамасыз ететін өлшеу

құралдарын қолдана отырып, ҚР СТ 988, конструкторлық құжаттама мен бекітілген эталон-үлгілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Тудың және символикасының сыртқы элементтерінің түрі мен анықтау ҚР СТ 988-2007 (5.6 тармағы) сәйкес көзбен шолумен жүзеге асырылады.

9.3 Жасанды көшірмелерден арнайы қорғаныс элементтерінің болуы көзбен бақылап тексеріледі. Нөмірлік белгінің үлгісін тігінен орналастыру қажет. Жарыққайтарғыш ағынды алудың көзі ретінде ГОСТ 4677 бойынша қуаттылығы әртүрлі шамдар қолданылуы мүмкін. Бақылау барысында шам жарығы көру бұрышының бағыты бойынша орналасуы керек.

9.3.1 «KZ» Қазақстан Республикасы кодтарының аралас көлденең қатарлары түріндегі жасанды көшірмеден арнайы қорғаныс элементтері (5.3.8 қараңыз).

Нөмірлік белгідегі «KZ» арнайы қорғаныс элементтері жаппай тексеру барысында (тік жазықтықта) элементтерді нөмірлік белгінің ортасы (нормаль) арқылы өткізілген перпендикулярға қатысты тігінен шолу бұрышы (30 ± 5)° барысында қалыпты (шашыраңқы) жарықтандыру және жарық қайтару жағдайында көрінбеуі тиіс. Тігінен шолу бұрышының (30 ± 5)° екі жағына қарай бұру-айналдыру қимылын жүзеге асыру барысында, көлденең немесе тік жазықтықта «KZ» қорғаныс элементтерінің көріну қарқындылығы төмендейді (Е Қосымшасы, Е.1-сурет, 1а көрінісін қараңыз).

Нөмірлік белгідегі «KZ» арнайы бағытталған қорғаныс элементтері жаппай тексеру барысында (тік жазықтықта) элементтерді нөмірлік белгінің ортасы арқылы өткізілген перпендикулярға қатысты тігінен шолу бұрышы (15 ± 5)° және одан артық (45 ± 5)° болуы барысында қалыпты (шашыраңқы) жарықтандыру және жарық қайтару жағдайында көрінбеуі тиіс (Е қосымшасы, Е.1-сурет, 1а көрінісін қараңыз).

Нөмірлік белгідегі «KZ» арнайы қорғаныс элементтері жаппай тексеру барысында арнайы элементтерді тігінен шолу бұрышы барысында (30 ±5)° нөмірлік белгінің ортасы арқылы өткізілген перпендикулярдың екі жағына қатысты көлденең шолу бұрышы (15 ± 5)° барысында көрінбеуі тиіс (Е қосымшасы, Е.1-сурет, 1б көрінісін қараңыз).

9.3.2 Нөмірлік белгідегі арнайы қорғаныс элементі – үш өлшемді кума толқын (үш өлшемді қорғаныс элементі (см.5.3.8)) тік жазықтықта элементтерді нөмірлік белгінің ортасы арқылы (нормаль бойымен) өткізілген перпендикулярдан тігінен шолу бұрышы (0 ± 5)° барысында қалыпты (шашыраңқы) жарықтандыру және жарыққайтару жағдайында неғұрлым айқын көрінуі тиіс. нөмірлік белгінің ортасы арқылы (нормаль бойымен) өткізілген перпендикулярдың екі жағына қарай бұру-айналдыру қимылын жүзеге асыру барысында (Е қосымшасы, Е.2-сурет, 2а және 2б көріністерін қараңыз), көлденең немесе тік жазықтықта толқындар қозғалысы басталып, олардың көріну қарқындылығы төмендейді.

Нөмірлік белгідегі үш өлшемді қорғаныс элементі тік жазықтықта нөмірлік белгінің ортасы арқылы өткізілген перпендикулярдың екі жағына қарай шолу бұрышы 45°-тан артық болған кезде анықталмауы тиіс (Е қосымшасы, Е.2-сурет, 2а көрінісін қараңыз).

Нөмірлік белгідегі үш өлшемді қорғаныс элементі жаппай тексеру барысында көлденең жазықтықта нөмірлік белгінің ортасы арқылы өткізілген перпендикулярдың екі жағына қарай шолу бұрышы 45°-тан артық болған кезде анықталмауы тиіс (Е қосымшасы, Е.2-сурет, 2б көрінісін қараңыз).

9.4 Нөмірлік белгілердің жарық қайтару бетінің коэффициентін анықтау ГОСТ 7721 бойынша А стандартты жарық көзімен немесе мақсаты мен метрологиялық сипаттамалары бойынша басқа бір ұқсас құралмен жарықтандыру және жарықтандыруды қолданыстағы нормативтік құжаттамаға сәйкес люксметрмен өлшеу барысында жүзеге асырылады.

Жарықтандыру бұрышы мен бақылау бұрышы бекітіліп, жарық көзін үлгі ортасымен біріктіретін сызықтың қарама-қарсы жақтарында орналасуы тиіс.

Үлгіні бұрау бұрышы 0°80 ′-тан аспауы керек.

Жарықтықта жергілікті ауытқулар анықталған жағдайда, тексеру бақылау бұрышы 0°20′және жарықтандыру бұрышы 5° барысында өткізіледі. Жарықтық ауытқуы анықталған аймақта жарық қайтару коэффициенті көлемі 50 мм × 50 мм бірнеше көршілес алаңдарда өлшенеді. Ең жоғары көрсеткіштердің ең төмен көрсеткіштерге қатынасы екі еседен аспауы тиіс.

Нөмірлік белгілердің жарыққайтарғыш беттерінің фотометрлік сипаттамаларының мәні 5.4. талаптарына сәйкес болуы тиіс.

